

## Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі мен Беларусь Республикасы Спорт және туризм министрлігі арасындағы туризм саласындағы ынтымақтастық туралы КЕЛІСІМ

Келісім, Минск қ., 2009 жылғы 10 маусым

Р Қ А О - ның ескертпесі!

Келісім 2009 жылғы 10 маусымда күшіне енді.

Бұдан әрі Тараптар деп аталағын Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі мен Беларусь Республикасы Спорт және туризм министрлігі, екі ел арасындағы туризм саласында өзара достық қарым-қатынастарды тенденциялық және өзара пайда негізінде нығайтуға үмттыла отырып, туризмнің экономикалық қарым-қатынастарды дамытудағы маңыздылығын сезіне отырып, төмендегілер туралы келісті:

### 1-бап

Тараптар Қазақстан Республикасы мен Беларусь Республикасы арасындағы туризм саласындағы ынтымақтастықты осы Келісімге және Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес нығайтады және дамытады.

### 2-бап

Тараптар туристік топтар мен жеке туристер алмасуын дамытуды соның ішінде, туризм мәселелері бойынша өткізілетін спорттық, музикалық, театрлық және фольклорлық фестивальдар, көрмелер, симпозиумдар және конгресстер сияқты спорттық іс-шаралар мақсатында саяхаттауды көтермелейді.

### 3-бап

Тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес туризм саласындағы статистикалық және басқа да ақпаратпен алмасады, сонымен қатар: өз мемлекеттеріндегі туристік іс-әрекетті реттейтін заңдық және басқа да нормативтік құқықтық актілер туралы; шетелдік туристердің келуіне байланысты ішкі заңнама туралы; табиғи ресурстар мен мәдени құндылықтарды қорғап сақтауға байланысты ішкі заңнама туралы; өз мемлекеттерінің туристік ресурстары туралы;

қонақ үй және басқа да туристерді орналастыру құралдарын басқару тәжірибесі туралы.

4-бап

Тараптар туристерге қызмет көрсету мақсатында үйымдастырылатын бірлескен кәсіпорындар мен туризм саласында инвестициялауды жүзеге асыратын қазақстандық және белорустік туристік үйымдар арасындағы тығыз ынтымақтастықты орнатып дамытуға жәрдемдеседі.

5-бап

Тараптар туризмнің дамуы туралы тәжірибе мен ақпарат алмасуды және екі елде өткізілетін туристік іс-шараларды қолдайды.

6-бап

Тараптар екі елде де қолданылатын оку және білім бағдарламаларымен алмасу арқылы туризм индустриясындағы мамандандырылған кадрларды даярлау саласындағы ынтымақтастыққа мүмкіндік туғызады.

7-бап

Тараптар өздерінің Дүниежүзілік туристік ұйымдағы (ДТҰ) және басқа да халықаралық туристік ұйымдардағы қызметтің үйлестіреді.

8-бап

Тараптар осы Келісім бойынша ескерілген ынтымақтастықты өздерінің бюджеттік қаражаттары шегінде жүзеге асырады.

Тараптар осы Келісімді орындау барысында туындастырылған шығыстарды, егер әрбір нақты жағдайда өзге тәртіп келісілмеген болса, өз мемлекеттерінің ұлттық заннамаларына сәйкес дербес қөтереді.

9-бап

Осы Келісім қол қойылған күнінен бастап құшіне енеді және бес жыл бойы қолданыста болады. Осы Келісімнің қолданыс мерзімінің аяқталуына алты ай қалғанға дейін Тараптардың бірі екінші Тарапты осы Келісімнің әрекетін тоқтату жайында дипломатиялық арналар арқылы хабардар етпесе, онда ол келесі бесжылдық мерзімге өздігінен ұзартылады.

## **10-бап**

Осы Келісімнің қолданысын тоқтату оның қолданылу барысында келісілген бағдарлама және жобалардың орындалуына, олардың аяқталуға тиіс мерзімдеріне дейін әсер етпейді.

2009 жылы 10 маусымда Минск қаласында екі тұпнұсқа данада, әрқайсысы қазак, белорус және орыс тілдерінде жасалды, әрі барлық мәтіндердің заңдық күші бірдей.  
(Колдары)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК